

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 05 желтоқсандағы № 906 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 14 желтоқсанда № 2-4-140 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 297 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 22.06.2016 № 297 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28-бабының 6-тармағын басшылыққа алып, кандидаттардың тең құқығын қамтамасыз ету мақсатында, Ақсу аудандық сайлау комиссиясымен бірлесе отырып, Ақсу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Барлық үміткерлер үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Поселкелік және ауылдық округ әкімдері Ақсу аудандық сайлау комиссиясымен бірігіп белгіленген орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен қамтамасыз етсін.

3. Аудан әкімдігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі "Ақсу ауданы мәслихатының депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және жарақтандыру туралы" N 220 (Ақсу аудандық әділет басқармасында 2007 жылғы 23 шілдеде N 2-4-53 нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде енгізілген, аудандық "Ақсу өңірі" газетінің 2007 жылы 28 шілдеде N 31(9362) санында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

Ақсу аудандық сайлау

комиссиясының төрағасы

Ә. Дүйсембаев

Исанова Орал Сердалықызы

Ақсу ауданы әкімдігінің 05 желтоқсандағы
2011 жылғы N 906 "Үгіттік баспа
материалдарын орналастыру үшін орын
белгілеу туралы" қаулысына қосымша

P/c	N	Елді-мекеннің аталуы	Үгіт-насихат материалдары орналастырылатын орындар, Көшенің аталуы
Ақсу ауылдық округі			
1	1	Ақсу ауылы	Мамания орта мектебінің алдындағы планшет, Айсеркенов кешесі N 13.
2	2	Шолақөзек ауылы	Шолақөзек бастауыш мектебінің алдындағы планшет.
3	3	Ақын Сара ауылы	Абай орта мектебінің алдындағы планшет Орталық көшесі.
4	4	Қазақстан ауылы	Ауылдық емхана алдындағы планшет.
5	5	Өнім ауылы	Өнім бастауыш мектебінің алдындағы планшет.
6	6	Бәйтерек ауылы	Комсомол көшесі.
Арасан ауылдық округі			
7	1	Арасан ауылы	Мәдениет үйінің алдындағы планшет Мамбетов көшесі N 27.
8	2	Қызылжар ауылы	Қызылжар бастауыш мектебінің алдындағы планшет Орталық көшесі.
Егінсу ауылдық округі			
9	1	Егінсу ауылы	Фельдшерлік пункт алдындағы планшет, Жасұлан көшесі N 2.
Есеболатов ауылдық округі			
10	1	Есеболатов ауылы	Округ әкімі аппаратының ғимараты алдындағы планшет, Алыбаев, Курченко көшелерінің қиылысы.
11	2	Қызылқайың ауылы	Қызылқайың орталау мектебінің алдындағы планшет, Бухар Жырау көшесі.
12	3	Энергетик	Бұрынғы жол жөндеу кәсіпорнының алдындағы планшет, Ғарышкер көшесі.
Жаңалық ауылдық округі			
13	1	Жаңалық ауылы	Диханбай және Қырықжылдық көшелерінің қиылысындағы планшет.
Қарасу ауылдық округі			
14	1	Кеңжыра ауылы	Кеңжыра орта мектебінің алдындағы планшет, Әкімшілік көшесі N 25.
15	2	Еңбек ауылы	Қарасу орталау мектебінің алдындағы планшет.
16	3	Тарас ауылы	Тарас орталау мектебінің алдындағы планшет.
Қаракөз ауылдық округі			
17	1	Қаракөз ауылы	Қызылорақ орта мектебінің алдындағы планшет, Абай көшесі.
18	2	Кеңғарын ауылы	Кеңғарын орталау мектебінің алдындағы планшет.
Қарашілік ауылдық округі			
19	1	Қарашілік ауылы	Қарашілік орталау мектебінің алдындағы планшет, Қастекбаев көшесі N 12.
20	2	Сағабүйен ауылы	Төлеген Тоқтаров атындағы орта мектеп алдындағы планшет, Абылайхан көшесі N 24.
Қапал ауылдық округі			

21	1	Қапал ауылы	Округ әкімі аппаратының ғимараты алдындағы планшет, Алыбаев көшесі N 7 үй.
22	2		Бұрынғы аудан прокуратурасы алдындағы планшет, Әл-Фараби, Алыбаев көшелерінің қиылысы.
23	3		Бұрынғы Тамшыбұлақ кафесінің алдындағы планшет, Алыбаев көшесі.
Құрақсу ауылдық округі			
24	1	Құрақсу ауылы	Округ әкімі аппаратының ғимараты алдындағы планшет, Орталық көшесі.
Көшкентал ауылдық округі			
25	1	Көшкентал ауылы	Мәдениет үйінің алдындағы планшет, Амангелді көшесі.
26	2	Көлтабан ауылы	Көлтабан орталау мектебі алдындағы планшет.
Б.Сырттанов ауылдық округі			
27	1	Б.Сырттанов ауылы	"Жастар" үйінің алдындағы планшет, Шоқан Уәлиханов көшесі N 2.
28	2	Қопа ауылы	Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектебінің алдындағы планшет.
Қызылағаш ауылдық округі			
29	1	Қызылағаш ауылы	Жаңа мәдениет үйінің алдындағы планшет, Жастар көшесі.
30	2	Ақтоған ауылы	Орталық көшесі бойындағы планшет.
Матай поселкелік округі			
31	1	М а т а й	Қисабеков көшесі N 18 үй мекен жайы бойынша орналасқан планшет.
32	2	поселкесі	Матай ауруханасы алдындағы планшет, Қисабеков көшесі N 35.
Молалы поселкелік округі			
33	1	Молалы поселкесі	Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебінің алдындағы планшет, Сексенбай батыр көшесі N 10.
34	2		Мәдениет үйі алдындағы планшет, Құрманғазы көшесі N 7.
35	3	Алажиде ауылы	Алажиде орта мектебінің алдындағы планшет, Мектеп көшесі N 7.
Ойтоған ауылдық округі			
36	1	Ойтоған ауылы	Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектебінің алдындағы планшет, Әділбеков көшесі N 10.
Суықсай ауылдық округі			
37	1	Суықсай ауылы	Ескі контор алдындағы планшет, Омаров көшесі N 17.
38	2	Ащыбұлақ ауылы	Мәншүк Маметова атындағы орталау мектебінің алдындағы планшет.
39	3	Ақтөбе ауылы	Фельдшерлік акушерлік пункт алдындағы планшет.
40	4	Баласаз ауылы	Баласаз бастауыш мектебінің алдындағы планшет.
Жансүгіров поселкелік округі			
41	1	Жансүгіров	а) Мұратбаев, Желтоқсан көшелерінің қиылысы бойындағы планшет.
42	2	поселкесі	б) Жидебаев, Ораз Жұмашев көшелерінің қиылысы планшет. Қабанбаев, Жансүгіров көшелерінің қиылысындағы планшет.
43	3	Алтынарық ауылы	Қуат Терібаев кешесі бойындағы планшет.
44	4	Көкөзек ауылы	Қуат Терібаев атындағы мәдениет үйінің алдындағы планшет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК